

АПАТРИДТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

Экономикалық және әлеуметтік кеңестің
1954 жылғы 26 сәуірдегі 526 А (XVII) Қарарына сәйкес
шақырылған Өкілетті өкілдер конфедерациясы
1954 жылы 28 қыркүйекте қабылдады

Күшіне ену: 1960 жылғы 6 маусым, 39-бапқа сәйкес

ПРЕАМБУЛА

Жоғары Уағдаласушы Тараптар,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы барлық адамдар негізгі құқықтар мен бостандықтарды ешқандай кемсітусіз пайдалануы тиіс деген қағиданы белгілегенін назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы апатридтердің тағдырына өзінің терең алаңдаушылығын әлденеше рет көрсеткенін және осы негізгі құқықтар мен бостандықтарды апатридтердің мүмкіндігінше кең пайдалануын қамтамасыз ету үшін күш салғанан назарға ала отырып,

сонымен қатар босқындар болып табылатын апатридтердің 1951 жылғы 28 шілдедегі Босқындардың мәртебесі туралы конвенциямен қамтылғанын және осы Конвенциямен қамтылмаған көптеген апатридтер бар екендігін назарға ала отырып,

апатридтердің жағдайын халықаралық келісіммен реттеу және жақсарту қажеттігін назарға ала отырып,

төмендегі туралы келісті:

1-тарау

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап - «Апатрид» түсінігінің анықтамасы

1. Осы Конвенцияда «апатрид» термині кез-келген мемлекет өзінің заңына сәйкес азамат деп санамайтын адамды білдіреді.
2. Осы Конвенцияның ережелері:
 - i) қазіргі уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Комиссарынан басқа, Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа органдарының немесе мекемелерінің қорғауы мен көмегіне ие адамдарға;
 - ii) өздері тұрып жатқан елдің құзыретті өкіметтері сол елдің азаматтығымен байланысты құқықтар мен міндеттерді оларға қатысты мойындайтын адамдарға;
 - iii) оларға қатысты:
 - a) бейбітшілікке қарсы қылмыс, әскери қылмыс немесе адамзатқа қарсы қылмысты осы әрекеттерге осындай қылмыстарға қатысты шаралар қабылдау мақсатында жасалған халықаралық актілерде берілген анықтамада жасаған;
 - b) өздеріне пана берген елден тыс және олар осы елге кіргенге дейін саяси емес сипаттағы ауыр қылмыс жасаған;
 - c) Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қайшы әрекеттерді жасағаны үшін кінәлі деп болжауға елеулі негіздер бар адамдарға қолданылмайды.

2-бап – Жалпы міндеттемелер

УКез-келген апатридтің ол тұрып жатқан мемлекетке қатысты міндеттемелері бар, оларға сәйкес, ол соның ішінде заңдар мен қаулыларға, сонымен қатар қоғамдық тәртіпті сақтау үшін қабылданатын шараларға бағынуы тиіс.

3-бап – Кемсітушілікке жол бермеушілік

Уағдаласушы мемлекеттер осы Конвенцияның ережелерін апатридтерге олардың нәсілі, діні немесе шыққан елі бойынша қандай да болмасын кемсітусіз қолданатын болады.

4-бап - Діни сенімдер

Уағдаласушы мемлекеттер өз аумақтарында тұрып жатқан апатридтерге өз дінін ұстану еркіндігі мен балаларына діни білім беру бостандығына қатысты кемінде өз азаматтарына беретіндей қолайлы жағдай ұсынады.

5-бап - Осы Конвенцияға байланыссыз берілетін құқықтар

Осы Конвенциядағы ешнәрсе қандай да бір Уағдаласушы мемлекет апатридтерге осы Конвенцияға байланыссыз ұсынған құқықтар мен артықшылықтардың ешбірін бұзбайды.

6-бап – «Дәл осындай жағдайларда» тіркесі

Осы Конвенцияда «дәл осындай жағдайларда» тіркесі, олардың табиғатына байланысты апатридтер қанағаттандыра алмайтын талаптарды қоспағанда,

апатрид болмаған жағдайда тиісті құқықты пайдалану үшін осы жеке тұлға қанағаттандыруы тиіс болатын кез-келген талаптарды (оның ішінде елде болу немесе тұру мерзімі мен шарттарына қатысты талаптарды) апатридтің қанағаттанлыруы тиіс дегенді білдіреді.

7-бап – Өзаралық қағидатынан тыс жайттар

1. Осы Конвенция негізінде апатридтерге анағұрлым қолайлы құқықтық жағдай ұсынылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы мемлекет оларға әдетте шетелдіктер пайдаланатын ахуал ұсынады.
2. Уағдаласушы мемлекеттердің аумағында үш жыл тұру мерзімі аяқталғаннан кейін, барлық апатридтер заңнамалық жолмен белгіленген өзаралық талабынан босатылады.
3. Әрбір Уағдаласушы мемлекет осы Конвенция осы мемлекетке қатысты күшіне енген күні ешқандай өзаралықсыз бар болған құқықтар мен артықшылықтарды апатридтерге бұдан былай да ұсынатын болады.
4. Уағдаласушы мемлекеттер апатридтерге 2- және 3-тармақтарға сәйкес олардың құқылары бар құқықтар мен артықшылықтардан басқа құқықтар мен артықшылықтарды қандай да болсын өзаралықсыз беру мүмкіндігін және 2- және 3-тармақтарда көзделген шарттарға жауап бермейтін апатридтерді өзаралық талабынан ықтимал босатуды құптайды.
5. 2- және 3-тармақтардың ережелері осы Конвенцияның 13, 18, 19, 21 және 22-баптарында аталған құқықтар мен артықшылықтарға да, сонымен қатар онда қарастырылмаған құқықтар мен артықшылықтарға да қолданылады.

8-бап – Айрықша шаралардан тыс жайттар

Шетел мемлекетінің азаматтарына немесе бұрынғы азаматтарына, олардың мүлкіне немесе мүдделеріне қатысты қолданылауы мүмкін айрықша шараларды Уағдаласушы мемлекеттер апатридтерге қатысты олардың бұрын осы шетел мемлекетінің азаматы болғандығын ғана негіз етіп қолданбайды. Осы бапта көрсетілген жалпы қағидатты қолдануға заңнамасы рұқсат етпейтін Уағдаласушы мемлекеттер тиісті жағдайларда мұндай апатридтердің мүдделері үшін ерекшеліктер белгілейді.

9-бап – Уақытша іс-шаралар

Осы Конвенциядағы ешнәрсе Уағдаласушы мемлекетті соғыс уақытында басқа төтенше және ерекше жағдайлар болған кезде ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қандай да белгілі бір адамға қатысты қажет деп санайтын уақытша шараларды осы Уағдаласушы мемлекет оның шын мәнінде апатрид болып табылатынынын айқындағанға дейін және оған қатысты мұндай шараларды бұдан әрі қарай қолдану мемлекеттік қауіпсіздік мүдделерінде қажет болғанда қабылдау құқығынан айырмайды.

10-бап – Тұрудың үздіксіздігі

1. Егер апатрид екінші дүниежүзілік соғыс кезінде депортацияланып, Уағдаласушы мемлекеттердің бірінің аумағына жіберілген болса және сол жерде тұрып жатса, онда мұндай мәжбүрлі болу уақыты осы аумақтың шегінде заңды тұру уақыты болып қарастырылады.
2. Егер апатрид Уағдаласушы мемлекеттердің бірінің аумағынан екінші дүниежүзілік соғыс кезінде депортацияланып, осы Конвенция күшіне енгенге дейін сол жерде тұрақты тұру үшін орнығу мақсатымен ол жаққа қайтып барса, онда тұрудың үздіксіздігі қажет болатын барлық жағдайларда мұндай депортацияға дейінгі және одан кейінгі тұру мерзімі бір үздіксіз кезең ретінде қарастырылады.

11-бап — Апатрид-теңізшілер

Егер Уағдаласушы мемлекеттердің бірінің туы астында жүзіп жүрген кемелердің экипажында қалыпты қызмет ететін адамдар апатрид болып табылса, онда бұл мемлекет өз аумағында осы адамдардың орналасуына және сонымен бірге олардың кез келген басқа елде орналасуын жеңілдету мақсатында оларға жол жүру құжаттарын беруге немесе оның аумағына келу уақытша құқығын беруге оң қарайды.

II тарау

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕ

12-бап – Жеке мәртебе

1. Апатридтің жеке мәртебесі ол тұрғылықты тұратын елдің заңымен немесе, егер ондай елі жоқ болса, ол тұрып жатқан елдің заңдарымен анықталады.
2. Апатрид оның жеке мәртебесімен байланысты бұрын алған құқықтарды, соның ішінде некеден туындайтын құқықтарды Уағдаласушы мемлекеттер, тиісті құқық ол адам апатрид болмаған жағдайда осы мемлекеттің заңдарымен мойындалатын құқықтардың бірі болып табылатын шартпен, қажет болған жағдайда, осы мемлекеттің заңдарымен белгіленген рәсімділіктерді орындауы бойы сақтайды.

13-бап - Жылжымалы және жылжымайтын мүлік

Жылжымалы және жылжымайтын мүлікті және олармен байланысты басқа құқықтарды сатып алуға қатысты, сонымен қатар жылжымалы және жылжымайтын мүлік бойынша жалдау және өзге де келісімдерге қатысты Уағдаласушы мемлекеттер апатридтерге мүмкіндігінше қолайлы және қалай болғанда да дәл осындай жағдайларда әдетте шетелдіктер пайдаланатыннан қолайлылығы кем емес жағдай ұсынады.

14-бап - Авторлық және өндірістік құқықтар

Өнертабыстарға, сызбалар мен модельдерге, тауарлық белгілерге, фирма атауына және әдеби, көркем шығармаларға және ғылыми еңбектерге құқықтар сияқты өнеркәсіптік құқықтарды қорғауға қатысты апатридтерге олардың әдеттегі тұратын жері бар елде осы елдің азаматтарына берілетін қорғау ұсынылатын болады. Басқа кез келген Уағдаласушы мемлекеттің аумағында оларға әдеттегі тұратын жері бар елдің азаматтарына осы аумақта ұсынылатын қорғау ұсынылатын болады.

15-бап - Қауымдастықтар құқығы

Саяси сипатқа ие емес немесе пайда алуды көздемейтін қауымдастықтарға қатысты және кәсіптік одақтарға қатысты Уағдаласушы мемлекеттер олардың аумағында заңды түрде тұрып жатқан апатридтерге дәл осындай жағдайларда шетел мемлекетінің азаматтарының ахуалына сәйкес келетін анағұрлым қолайлы ахуал ұсынатын болады.

16-бап — Сотқа жүгіну құқығы

1. Кез келген апатрид Уағдаласушы мемлекеттердің барлығының аумағында соттарға еркін жүгіну құқығына ие.
2. Әрбір апатрид оның әдеттегі тұратын жері орналасқан Уағдаласушы мемлекеттің аумағында сотқа жүгіну құқығына қатысты, соның ішінде, заңгерлік көмек мәселелері мен сот шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуден босату бойынша, азаматтармен бірдей жағдайды пайдаланатын болады.
3. Өзінің әдеттегі тұратын елінен басқа барлық елдерде әрбір апатридке 2-тармақта айтылған мәселелерге қатысты оның әдеттегі тұратын жері орналасқан елдің азаматтарымен бірдей жағдай ұсынылатын болады.

III тарау

ТАБЫС ӘКЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

17-бап – Жалданбалы жұмыс

1. Уағдаласушы мемлекеттер олардың аумағында заңды түрде тұрып жатқан апатридтерге олардың жалданбалы жұмыс істеу құқығына қатысты дәл осындай жағдайларда шетел мемлекетінің азаматтарының ахуалына сәйкес келетін анағұрлым қолайлы ахуал ұсынатын болады.
2. Уағдаласушы мемлекеттер барлық апатридтердің жалданбалы жұмыс істеуге қатысты құқықтарын азаматтардың және соның ішінде олардың аумағына жұмыс күшін тарту бағдаламасын орындау тәртібінде немесе

иммиграция жоспарларына сәйкес келген апатридтердің құқықтарымен теңестіру мүмкіндігіне тілектестікпен қарайтын болады.

18-бап – Өзінің кәсіпорнында жұмыс істеу

Уағдаласушы мемлекеттер олардың аумағында заңды түрде тұрып жатқан апатридтерге ауыл шаруашылығымен, өнеркәсіппен, кәсіпшілікпен немесе саудамен айналысу құқығына, сонымен қатар сауда және өнеркәсіптік серіктестіктер құру құқығына қатысты ықтимал анағұрлым қолайлы құқықтық ахуал мен, қалай болғанда да, әдетте дәл осындай жағдайларда шетел мемлекетінің азаматтары пайдаланатын ахуалдан қолайлылығы кем емес ахуал ұсынатын болады.

19-бап – Еркін мамандықтар

Әрбір Уағдаласушы мемлекет олардың аумағында заңды түрде тұрып жатқан және осы мемлекеттің құзыретті өкіметтері мойындаған дипломы бар, еркін мамандықтармен айналысуға тілек білдірген апатридтерге ықтималды анағұрлым қолайлы құқықтық ахуал мен, қалай болғанда да, әдетте дәл осындай жағдайларда шетел мемлекетінің азаматтары пайдаланатын ахуалдан қолайлылығы кем емес ахуал ұсынатын болады.

IV ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ

20-бап - Паектар жүйесі

Бүкіл халық үшін тапшы азық-түлікті жалпы бөлуді реттейтін міндетті паектар жүйесі бар жерлерде бұл жүйе апатридтерге азаматтармен тең негізде қолданылады.

21-бап – Тұрғын үй мәселесі

Тұрғын үй мәселесі заңмен немесе қаулылармен реттелетіндіктен немесе мемлекеттік өкіметтің бақылауда болатындықтан, Уағдаласушы

мемлекеттер олардың аумағында заңды түрде тұрып жатқан апатридтерге ықтималды анағұрлым қолайлы құқықтық ахуал және, қалай болғанда да, әдетте дәл осындай жағдайларда шетел мемлекетінің азаматтары пайдаланатын ахуалдан қолайлылығы кем емес ахуал ұсынатын болады.

22-бап - Халыққа білім беру

1. Бастауыш білім беруге қатысты Уағдаласушы мемлекеттер апатридтерге азаматтарға берілетін құқықтық ахуалды ұсынатын болады.
2. Халыққа білім берудің бастауыштан басқа түрлеріне қатысты және соның ішінде оқу мүмкіндігіне, шетелдік аттестаттарды, дипломдар мен дәрежелерді мойындауға, оқу құқығы үшін төлем мен алымдардан босатуға қатысты, сонымен қатар шәкіртақы беруге қатысты Уағдаласушы мемлекеттер апатридтерге ықтималды анағұрлым қолайлы құқықтық ахуал және, қалай болғанда да, әдетте дәл осындай жағдайларда шетел мемлекетінің азаматтары пайдаланатын ахуалдан қолайлылығы кем емес ахуал ұсынатын болады

23-бап - Үкіметтік көмек

Уағдаласушы мемлекеттер олардың аумағында заңды түрде тұрып жатқан апатридтерге үкіметтік көмек пен қолдауға қатысты олардың азаматтары пайдаланатындай ахуал ұсынатын болады.

24-бап - Еңбек заңнамасы және әлеуметтік қамсыздандыру

1. Уағдаласушы мемлекеттер олардың аумағында заңды түрде тұрып жатқан апатридтерге төменде келтірілгендерге қатысты азаматтарға берілетін ахуалды ұсынатын болады:
 - а) отбасылық жәрдемақыларды қоса алғанда, жұмыс үшін сыйақы, егер, бұл мәселелер заңмен немесе қаулылармен реттелетіндіктен немесе әкімшілік өкіметтің бақылауыда болатындықтан, мұндай жәрдемақылар жұмыс үшін, жұмыс уақытының ұзақтығы, артық жұмыс уақыты, ақылы еңбек демалысы, үйде жұмыс істеуге шектеулер, жалданып жұмыс істейтін адамдардың ең төменгі

жасы, шәкірт тәрбиелеу және кәсіптік даярлық, әйелдер мен жасөспірімдердің еңбегі үшін және ұжымдық шарттардың артықшылықтарын пайдалану үшін берілетін сыйақының бір бөлігі болып табылса;

b) әлеуметтік қамсыздандыру (өндірістегі жазатайым оқиғаларға, кәсіптік ауруларға, аналарға, ауыру жағдайларында, мүгедектікке, қарттыққа, өлімге, жұмыссыздыққа, отбасылық міндеттерге және ішкі заңдарға немесе қаулыларға сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде көзделген басқа да жағдайларға қатысты заң ережелері) мынадай шектеулермен:

i) сатып алған құқықтар мен сатып алу барысындағы құқықтарды сақтаудың тиісті тәртібі бар болуы мүмкін;

ii) тұрып жатқан елдің заңдары немесе өкімдері толығымен мемлекет қаражатынан төленген толық немесе ішінара жәрдемақы мен қалыпты зейнетақы алу үшін қажет жарналарға қатысты барлық шарттарды орындамаған адамдарға төленетін жәрдемақыны алудың арнайы тәртібін белгілей алады.

2. Апатридтің өндірістегі жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру нәтижесіндегі өлімі үшін өтемақы алу құқығына пайда алушының Уағдаласушы мемлекеттің аумағында тұрмайтындығы әсер етпейді.
3. Уағдаласушы мемлекеттер апатридтерге өздерінің арасында жасалған немесе болашақта жасалуы мүмкін әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты сатып алған құқықтар мен сатып алу процесіндегі құқықтарды сақтау туралы келісімдерден туындайтын артықшылықтарды тек аталған келісімдерге қол қойған мемлекеттердің азаматтарына қолданылатын шарттарды ғана ұстанумен ұсынады.
4. Уағдаласушы мемлекеттер апатридтерге мүмкіндігінше осы Уағдаласушы мемлекеттер мен шартқа қатыспайтын мемлекеттер арасында әрбір осы сәтте күшіне енуі мүмкін осындай келісімдерден туындайтын артықшылықтар беру мәселесіне тілектестікпен қарайды.

V ТАРАУ

ӘКІМШІЛІК ШАРАЛАР

25-бап — Әкімшілік көмек

1. Апатидтердің қандай да бір құқықты пайдалануы шетел мемлекетінің әдетте осы апатридтер жүгіне алмайтын өкіметтерінің көмегін қажет еткен жағда йда, аталған апатридтер аумағында тұрып жатқан Уағдаласушы мемлекеттер өз өкіметтерінің мұндай көмекті көрсетуін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.
2. 1-тармақта аталған өкімет немесе өкіметтер апатридтерді шетелдіктерге олар азаматтары болып табылатын мемлекеттердің өкіметтерімен немесе өкіметтерінің араласуы арқылы берілетін құжаттармен немесе куәліктермен жабдықтайды немесе жабдықталуын өздерінің бақылауымен қамтамасыз етеді.
3. Осы тәртіппен берілген құжаттар немесе куәліктер шетелдіктерге олар азаматтары болып табылатын мемлекеттердің өкіметтерімен немесе өкіметтерінің араласуы арқылы берілетін ресми құжаттарды алмастыратын болады және олардың жарамсыздығы дәлелденбейінше, жарамды болып танылады.
4. Тұрмысы нашар адамдарға берілетін ерекше жеңілдіктерді қоспағанда, осы бапта көрсетілген қызметтер үшін ақы алынуы мүмкін; мұндай төлем, алайда, орташа болады және осындай қызметтер үшін азаматтардан алынатын төлемдерге сәйкес келетін болады.
5. Осы баптың ережелері 27- және 28-баптардың ережелерін қозғамайды.

26-бап - Қозғалыс еркіндігі

Әрбір Уағдаласушы мемлекет өз аумағында заңды түрде тұрып жатқан апатридтерге, дәл осындай жағдайларда әдетте шетелдіктерге қолданылатын барлық ережелерді олар ұстанған жағдайда, оның аумағының шегінде тұратын жерді таңдау және еркін қозғалу құқығын ұсынатын болады.

27- бап – Жеке куәлік

Уағдаласушы мемлекеттер өз аумағындағы және жарамды жол жүру құжаттары жоқ апатридтерге жеке куәлік беретін болады.

28-бап - Жол жүру құжаттары

Уағдаласушы мемлекеттер олардың аумағында заңды түрде тұрып жатқан апатридтерге олардың аумағынан тыс жерлерде жүру үшін жол жүру құжаттарын береді, өйткені бұған мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті сақтаудың дәлелді себептері кедергі болмайды; мұндай құжаттарға осы Конвенцияға қоса берілген қағидалардың ережелері қолданылатын болады. Уағдаласушы мемлекеттер мұндай жол жүру құжаттарын олардың аумағындағы кез келген басқа апатридке бере алады; олар, сонымен бірге, олардың аумағында тұрып жатқан, өзінің заңды тұратын елінен жол жүру құжаттарын алу мүмкіндігі жоқ апатридтерге осындай жол жүру құжаттарын беру мәселесіне тілектестікпен қарайды.

29-бап - Салықтар

1. Уағдаласушы мемлекеттер апатридтерге өз азаматтарынан ұқсас жағдайларда алынатын немесе алынуы мүмкін баж, алым немесе салықтардан басқа немесе олардан жоғары ешқандай баж, алым немесе салықтар салмайды.
2. Алдыңғы тармақтың ережелері шетелдіктерге әкімшілік құжаттар, оның ішінде жеке куәлік беру үшін алынатын алымдарға қатысты заңдар мен қаулыларды апатридтерге қолдануды ешқандай жоққа шығармайды..

30-бап – Мүлікті әкету

1. Уағдаласушы мемлекеттер өздерінің заңдары мен қаулыларына сәйкес олардың аумағына апатридтер өздерімен бірге әкелген мүлікті қоныстану үшін кіру құқығы берілген басқа елге олардың әкетуіне апатридтерге рұқсат ететін болады.
2. Уағдаласушы мемлекеттер апатридтердің оларға кіру құқығы берілген басқа елдерде қоныстануы үшін қажетті мүлікті әкетуге рұқсат беру туралы өтініштеріне, бұл мүлік қай жерде болса да, тілектестікпен қарайды.

31-бап – Жер аударып жіберу

1. Уағдаласушы мемлекеттер олардың аумағында заңды түрде тұрып жатқан апатридтерді ұлттық қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп себептерінен өзге жағдайларда жер аударып жібере алмайды.
2. Мұндай апатридтерді шығару сот тәртібімен шығарылған шешімдерді орындау мақсатында ғана жүзеге асырылады. Бұған ұлттық қауіпсіздіктің дәлелді себептері кедергі жасайтын жағдайларды қоспағанда, апатридтерге өздерін ақтау үшін дәлелдер ұсыну және тиісті инстанцииларда немесе тиісті инстанциилар ерекше тағайындаған тұлға немесе тұлғалар алдында шағымдану құқығы, сонымен қатар осы мақсат үшін өздерінің өкілдері болуы құқығы берілетін болады.
3. Уағдаласушы мемлекеттер мұндай апатридтерге басқа елге келуге заңды құқық алу үшін жеткілікті уақыт береді. Уағдаласушы мемлекеттер осы мерзім ішінде олар қажет деп санайтын ішкі сипаттағы шараларды қолдану құқығын өзіне қалдырады.

32-бап — Азаматтық алу

Уағдаласушы мемлекеттер апатридтердің ассимиляциялануы мен азаматтық алуын мүмкіндігінше жеңілдететін болады. Соның ішінде, олар азаматтық алу ісінің өндірісін жеделдету үшін және онымен байланысты алымдар мен шығыстарды азайту үшін өздеріне байланыстының бәрін атқарып күш салады.

VI ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

33-бап - Ұлттық заңнамалық актілер туралы мәліметтер

Уағдаласушы мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына осы Конвенцияны іске асыру мақсатында шығарған заңдары мен ережелерінің мәтіндерін жібереді.

34-бап – Дауларды шешу

Осы Конвенцияның қатысушылары арасында оны түсіндіруге немесе рұқсат етілмейтін өзгеше тәсілмен қолдануға қатысты орын алған барлық даулар дау тараптарының кез-келгенінің талап етуі бойынша Халықаралық Сотқа беріледі.

35-бап - Қол қою, ратификациялау және қосылу

1. Осы Конвенция Бірікен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде 1965 жылғы 31 желтоқсанды қоса аралыққа дейін қол қою үшін ашық болады.
2. Осы Конвенция:
 - a) Бірікен Ұлттар Ұйымына мүше кез келген мемлекет;
 - b) Бірікен Ұлттар Ұйымының апатридтердің мәртебесі туралы мәселе жөніндегі конференциясына қатысуға шақырылған кез келген басқа да мемлекет; және
 - c) Бірікен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Конвенцияға қол қоюға немесе оған қосылуға шақыру жолдаған кез келген мемлекет атынан қол қою үшін ашық болады.
3. Осы Конвенция ратификацияланып, ратификациялау грамоталары Бірікен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылатын болады.
4. Осы Конвенция осы баптың 2-тармағында аталған мемлекеттердің қосылуы үшін оларға ашық болады. Қосылу Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына қосылу туралы актіні сақтауға тапсыру жолымен жүргізіледі.

36-бап —Конвенцияны аумақтық қолдану туралы қаулылар

1. Конвенцияға қол қою немесе ратификациялау немесе қосылу кезінде кез келген мемлекет бұл мемлекет халықаралық қатынастары үшін жауапкершілік көтеретін барлық немесе кейбір аумақтарға осы Конвенцияның әрекеті таралатынын мәлімдей алады. Мұндай мәлімдеме Конвенция осы мемлекет үшін күшіне енген күннен бастап күшіне енеді.
2. Кейінгі кез келген уақытта Конвенция әрекетінің осындай таралуы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысының атына хабарлама жіберу арқылы жариялануы тиіс және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы

осы хабарламаны алғаннан кейін тоқсаныншы күні немесе Конвенция осы мемлекет үшін күшіне енген күні, егер бұл күн кейінірек болса, күшіне енеді.

3. Қол қою, ратификациялау немесе қосылу кезінде осы Конвенция таралмаған аумақтарға қатысты, әрбір мүдделі мемлекет мұндай аумақтарда осы Конвенцияның қолданылуын тарату үшін осы аумақтардың үкіметтерінің келісімімен конституциялық сипаттағы себептер бойынша қажет болып табылатын жерлерде қажетті шаралар қабылдау мүмкіндігі туралы мәселені қарайды

37-бап - Федеративті мемлекеттер туралы қаулылар

Федеративті немесе унитарлық емес типті мемлекеттерге келесі ережелер қолданылатын болады:

- а) осы Конвенцияның федералдық заң шығарушы өкіметтің заңнамалық юрисдикциясына жататын баптарына қатысты, федералды үкіметтің міндеттемелері осы Конвенцияның федералды мемлекеттер болып табылмайтын тараптарының міндеттемелеріне белгіленген шектерде сәйкес келетін болады;
- б) осы Конвенцияның федерацияға кіретін, федерацияның конституциялық құрылысына сәйкес заңнамалық шаралар қабылдауға міндетті емес штаттардың, провинциялардың немесе кантондардың юрисдикциясына жататын баптарына қатысты, федералды үкімет, мүмкін болған жағдайда, бірден бұл туралы штаттардың, провинциялардың немесе кантондардың тиісті өкіметтеріне хабарлайды және бұл хабарламаға өзінің оң пікірін қоса жолдайды;
- с) осы Конвенцияның тарабы болып табылатын федералды мемлекеттер, кез келген басқа Уағдаласушы мемлекеттің Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы арқылы берілген өтініші бойынша, Конвенцияның кез келген нақты ережелеріне қатысты федерацияда және оның құрамдас бөліктерінде бар заңдар мен практика туралы анықтаманы, бұл ереженің заңнамалық түрде немес өзге жолмен қаншалықты іске асырылғанын көрсете отырып, береді.

38-бап. Ескертпелер

1. Қол қою, ратификациялау немесе қосылу кезінде кез келген мемлекет Конвенцияның 1, 3, 4, 16 (1) және 33–42 қоса баптарынан басқа баптарына ескертулер жасай алады.
2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес ескерту жасаған кез келген мемлекет кез келген уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлау арқылы ол ескертпеден бас тарта алады.

39-бап - Күшіне енуі

1. Осы Конвенция алтыншы ратификациялау грамотанын немесе қосылу туралы актіні сақтауға тапсырған күннен бастап тоқсаныншы күні күшіне енеді.
2. Конвенцияны алтыншы ратификациялық грамотаны немесе қосылу туралы актіні сақтауға тапсырғаннан кейін ратификациялаған немесе оған қосылған барлық мемлекеттер үшін Конвенция тиісті мемлекет өзінің ратификациялау грамотасын немесе қосылу туралы актісін сақтауға тапсырған күннен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

40-бап - Денонсация

1. Кез келген Уағдаласушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлау арқылы осы Конвенцияны кез келген уақытта денонсациялай алады.
2. Тиісті Уағдаласушы мемлекет үшін мұндай денонсация Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы хабарлама алған күннен бастап бір жылдан кейін күшіне енеді.
3. 36-бапқа сәйкес мәлімдеме жасаған немесе хабарлама жіберген кез-келген мемлекет бұдан кейін кез келген уақытта, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлама жолдау арқылы Бас хатшы аталған хабарламаны алғаннан кейін бір жыл өткен соң Конвенцияның тиісті аумаққа таралмайтынын мәлімдей алады.

41-бап – Қайта қарау

1. Кез келген Уағдаласушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлау арқылы осы Конвенцияны қайта қарауды кез келген уақытта талап ете алады.
2. Егер мұндай талап етуге байланысты қандай да бір шаралар қабылдау қажет болса, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы тиісті шаралар ұсынады.

42-бап - Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы жіберетін хабарламалар

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелеріне және оның мүшесі болып табылмайтын, 35-бапта аталған мемлекеттерге:

- a) 35-бапта көзделген қол қою, ратификациялау және қосылу туралы;
- b) 36-бапта көзделген мәлімдемелер мен хабарламалар туралы;
- c) 38-бапта көзделген ескертпелер мен ескертпелерден бас тарту туралы;
- d) 39-бапқа сәйкес осы Конвенция күшіне енетін күн туралы;
- e) 40-бапта көзделген денонсация және хабарламалар туралы;
- f) 41-бапқа сәйкес келіп түскен қайта қарау жөніндегі талаптар туралы хабарлайтын болады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН төменде қол қойған, тиісті түрде өкілеттік берілген өкілдер осы Конвенцияға өздерінің үкіметтері атынан қол қойды.

Нью-Йоркте, бір мың тоғыз жүз елу төртінші жылғы жиырма сегізінші қыркүйекте бір данада ЖАСАЛДЫ, ағылшын, испан және француз тілдеріндегі мәтіндерінің күші бірдей; бұл дана Біріккен Ұлттар Ұйымының мұрағатында сақталады және оның куәландырылған көшірмелерін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелеріне және оның мүшесі емес, осы Конвенцияның 35-бабында аталған мемлекеттерге жібереді.